

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 1295 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылығы 13 маусымдығы N 488 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Карантиндік объектілер және ерекше қауіпті зиянды организмдер тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 1295 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 44, 440-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген қарсы күрес жүргізу ісі республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын карантиндік объектілер т і з б е с і н д е :

"Қазақстан Республикасының аумағында жоқ карантиндік маңызы бар, өсімдіктер зиянкестері, ауруларын қоздырғыштар және арамшөптер" деген бөлімдегі»"А.Өсімдіктер зиянкестері" деген ішкі бөлімде:

"*Lymantria dispar* L.(asian race)" деген жол алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

Dendroctonus micans (Kugelmann)

Dendrolimus sibiricus Tschetw

Monochamus urussovi Fisch.

Monochamus sutot L

Monochamus galloprovincialis Oliv

Monochamus saltuarius Gebl.";

"Қазақстан Республикасының аумағында таралуы шектелген карантиндік объектілер" деген бөлімде "А.Өсімдіктер зиянкестері" деген ішкі бөлім мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"*Lymantria dispra* (asian race)

Myiopardalis pardalina".

2. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізілді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК